

"Алтын белгі" белгісі туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1999 жылғы 23 тамыз N 1219. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2007 жылғы 21 желтоқсандағы N 1253 Қаулысымен.

Ескерту. Қаулының күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2007 жылғы 21 желтоқсандағы N 1253 (алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

"Білім туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 7 маусымдағы Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған:

- 1) "Алтын белгі" белгісі туралы ереже;
- 2) "Алтын белгі" белгісінің сипаттамасы бекітілсін.

2. Мыналардың күші жойылды деп танылсын.

1) "Жалпы білім беретін орта мектепті бітірушілерге арналған кеудеге тағатын "Алтын белгі" белгісі мен ерекше үлгідегі аттестат туралы ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 22 сәуірдегі N 1146 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮАЖ-ы, 1997 ж., N 33, 308-құжат)

2) "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 22 шілдедегі N 1146 қаулысымен бекітілген жалпы білім беретін орта мектепті бітірушілерге арналған кеудеге тағатын "Алтын белгі" белгісі мен ерекше үлгідегі аттестат туралы ереженің 1 тармағын ресми түсіндіру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 29 қыркүйектегі N 968 қаулысы .

3. Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау, білім және спорт министрлігі Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкімен келісім бойынша Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігіне білім беру ұйымдарын қаржыландыру үшін бөлінетін қаржының шегінде "Алтын белгі" белгісінің қажетті санын дайындасын. <*>

Ескерту. 3-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2004.04.16. N 428 қаулысымен .

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1999 жылғы 23 тамыздағы
N 219 қаулысымен
бекітілген

"Алтын белгі" белгісі туралы ереже

1. Осы Ереже "Білім туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес
ө з і р л е н д і .

2. "Алтын белгі" белгісімен мына талаптардың жиынтығына сәйкес келген
ж а ғ д а й д а :

1) үлгілі мінез-құлық көрсеткен және мемлекеттік жалпыға міндетті білім
стандарттарына сәйкес оқу жоспарының барлық пәндері бойынша оқу кезеңінде
орта білімнің негізгі және жоғары сатыларында "5" деген жылдық қорытынды
б а ғ а л а р ы б а р ;

2) жалпы орта білім курсы үшін мемлекеттік қорытынды аттестаттаудан өте
жақсы деген бағамен марапатталады;
3) < * >

Ескерту. 2-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2004.04.16. N 428
қ а у л ы с ы м е н .

3. "Алтын белгі" белгісімен оқушылар облыстар, Астана және Алматы
қалалары білім басқармаларының (департаменттерінің) марапаттауға
ұсынылатын оқушының осы Ереженің талаптарына сай екендігін растайтын
құжаттары қоса берілген ұсыныстарының негізінде Қазақстан Республикасының
білім беру саласындағы уәкілетті орталық атқарушы органының бұйрық
шығаруы жолымен марапатталады.

4. "Алтын белгі" белгісімен марапаттау салтанатты жағдайда өткізіледі.

5. "Алтын белгі" белгісімен марапатталған оқушылардың Қазақстан
Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік білім беру гранттарын (
гранттар болмаған жағдайда кредиттерді) алуға басым құқығы бар.

Ескерту. 5-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2005.02.04. N 107
қ а у л ы с ы м е н .

6. Заңдарда белгіленген тәртіппен таңдаған жағдайда "Алтын белгі"
белгісімен марапатталғандарға:

1) Қазақстан Республикасының мемлекеттік емес жоғары оқу орындарына
мемлекеттік білім беру гранты Қазақстан Республикасының жоғары оқу
орындары үшін көзделген мөлшерде беріледі;

2) "Алтын белгі" белгісімен марапатталушы Қазақстан Республикасының
денсаулық жағдайы бойынша арнайы талаптар көзделген жоғары оқу
орындарына, денсаулығы Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген

арнайы талаптарға сәйкес келген жағдайда ғана қабылдана алады.

Ескерту. 6-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.02.04. N 107

қ а у л ы с ы м е н

7. Осы Ереже меншік үлгісіне, түріне, нысанына және ведомстволық бағыныстылығына қарамастан, белгіленген тәртіппен жалпы орта білім беру бағдарламасын іске асыратын барлық білім ұйымдарының оқушыларына қолданылады.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

1 9 9 9 ж ы л ғ ы 2 3 т а м ы з д а ғ ы

N 1 2 1 9 қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

"Алтын белгі" белгісінің сипаттамасы

Ескерту. Сипаттама жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2005.02.04. N 107

қаулысымен .

"Алтын белгі" белгісінің диаметрі 30 мм шеңбер болады, Л-80 мыс және мырыш металдарының арнайы қорытпасынан дайындалады.

Белгінің бет жағында астынан лавр бұтағымен көмкерілген ашық кітап бейнеленген. Осы бейненің үстіңгі жағында "Алтын белгі" деген алтынмен жазылған жазу шығыңқырап тұрады. "Алтын белгі" жазба контуры, ашық кітап және лавр бұтағының бейнелері бедер түрінде 1 мм алға шығыңқырап тұрады .

Белгінің артқы жағында "Қазақстан Республикасы" деген жазумен көмкерілген Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасы бейнеленген.